

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 9 тамыз N 346-II.

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 1994 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z942000\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 8, 131-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат):

1) 15-бапта:

он алтыншы абзацта "тыйым салып" деген сөздер ", жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, тыйым салуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

он жетінші абзацта "жағдайда" деген сөзден кейін ", жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші абзацтар "тыйым салуға" деген сөздердің алдынан ", жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Он алтыншы - жиырма бірінші абзацтарда көзделген хабарламаны алған соң, прокурор жасалған іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе оларды алып тастайды.";

2) 17-бапта:

төртінші бөлік "ерекше жағдайларда" деген сөздерден кейін "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Төртінші бөліктегі көзделген хабарламаны алған соң, прокурор жасалған іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе оларды алып тастайды.".

2. "Жедел-іздестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Z944000\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің

Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат):

1) 4-баптың 2-тармағындағы "Жедел-іздестіру қызметін" деген сөздер "Республика Бас Прокурорының келісімі бойынша жедел-іздестіру қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы в-1) тармақшамен толықтырылсын:

"в-1) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оның орынбасарларының, облыс прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың қаулылары;";

3) 11-баптың 3-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу;";

4) 12-бапта:

2-тармақтың а), б) және в) тармақшаларындағы "телефонмен және өзге сөйлесулерді тыңдау" деген сөздер "бейне-, аудиотехниканы немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау және жазып алу, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау және жазып алу, сондай-ақ телефон арқылы жүргізілген сөйлесулер туралы мәліметтер алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі "Заңмен қорғалатын" деген сөздерден кейін "жеке өмірге тиіспеушілік," деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "тыңдауға" деген сөзден кейін "және жазып алуға" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Жедел-іздестіру қызметін қадағалау

1. Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру кезіндегі зандылықтың сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты прокурорлар жүзеге асырады.

2. Жедел-іздестіру қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокурор:

1) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен жасырын негізде қызмет ететін немесе қызмет еткен азаматтардың жеке басы туралы мәліметтерді қоспағанда, жедел-іздестіруді жүргізу істерін, жедел-іздестіру қызметінің барысы туралы материалдарды, құжаттар мен басқа да қажетті мәліметтерді алады;

2) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың арнаулы жедел-іздестіру шараларын жүргізуінің зандылығын тексереді;

3) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру кезінде заңды, адам мен азамат құқықтарын бұзушылық анықталған жағдайда өз қаулысымен жедел-іздестіру шараларын токтатады;

4) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдар мен арыздарды қарайды;

5) Конституцияға K951000\_, заңдар мен Республика Президентінің актілеріне қайшы келетін, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар шығаратын жедел-іздестіру шараларын ұйымдастыру мен жүргізу тактикасын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге наразылық келтіреді;

6) жедел-іздестіру шараларын жүргізу кезінде құқыққа қары іс-әрекеттерге жол берген қызметкерлерге қатысты қылмыстық іс қозғау, тәртіптік іс жүргізу туралы қаулылар шығараады;

7) жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру кезінде анықталған тәртіп бұзушылық фактілері бойынша прокурорлық қадағалаудың басқа да актілерін шығараады;

8) заңсыз ұсталған адамдарды өзінің дәлелді қаулысымен босатады не адамдарды ұстау туралы заңсыз қаулылардың күшін жояды;

9) қажет болған жағдайда жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың басшыларынан өздеріне бағынышты органдарда заң бұзушылықты жою мақсатында тексеру жүргізуді талап етеді;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда жедел-іздестіру шараларын жүргізуге санкция береді.

3. Бас Прокурор өз құзыреті шегінде, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті, жедел-іздестіру қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңдары нормаларының қолданылу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

4. Жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдар тарапынан заңдылықтың бұзылуын анықтау мақсатында прокурор арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, прокуратура органдарының мамандары мен өзге де мамандарды тартуға құқылы".

3. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z952368\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; N 10, 244-құжат; N 18, 338-құжат; 2001 ж., N 15-16, 224-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 6, 74-құжат):

1) 100-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын: "Оң қорытынды алғаннан кейін кеден органдары бұл туралы прокурорға тауарлар жойылғанға дейін жиырма төрт сағаттан кешіктірмей жазбаша хабарлауға міндettі. Хабарлама алған соң прокурор жасалған іс-әрекеттің зандылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда прокурорлық қадағалау шараларын қолданады.";

2) 140-бапта:

алтыншы бөлікте "Кеден төлемдерін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен кеден төлемдерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

жетінші бөлікте "Кеден төлемдері" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен кеден төлемдері" деген редакцияда жазылсын;

3) 207-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды адамдарының, Қазақстан Республикасының заң актілері мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден бақылауын жүргізу мақсатында осындаи бақылаудан өткізілуге тиісті тауарлар мен көлік құралдары, кеден бақылауы үшін қажетті құжаттар болуы мүмкін не бақылауы Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген қызмет жүзеге асырылатын кез келген тұлғаның аумақтары мен үй-жайларына, кіруге прокурор санкция беретін үй-жайларды қоспағанда, тиісті тәртіппен ресімделген үйгарым болған кезде (тінту және тексеру жүргізбей) кіруге құқығы бар.";

мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын: "Прокурордың санкциясы талап етілетін іс-әрекеттер кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда онсыз, бірақ кейін жиырма төрт сағат ішінде оны жазбаша хабардар ете отырып жүргізілуі мүмкін. Аталған хабарламаны алған соң, прокурор жасалған іс-әрекеттің зандылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе оларды алып тастайды".

4. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Z952444\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат):

51-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "прокурорға міндettі түрде хабарлай отырып," деген сөздер "прокурордың санкция беруімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Z952709\_ заң күші бар

Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат):

- 1) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңы";
- 2) кіріспе алып тасталсын;
- 3) бүкіл мәтін бойынша "Жарлық", "Жарлықпен", "Жарлыққа" "Жарлықта", "Жарлықты" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңмен", "Заңға", "Заңда", "Заңды" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 4) тараулардағы "I-XII" деген цифrlар тиісінше "1-12" деген цифrlармен ауыстырылсын;
- 5) 2-бапта "Қазақстан Республикасының заңдарымен, халықаралық шарттарымен" деген сөздер "заң актілерімен, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 6) 4-баптың 6) тармақшасы "қалыптастырады" деген сөзден кейін ", арнайы есепке алуды жүргізеді," деген сөздермен толықтырылсын;  
"құқықтық статистика" деген сөздерден кейін "және арнайы есепке алу" деген сөздермен толықтырылсын;
- 7) 6-бапта:  
2-тармақтағы "бөлуге" деген сөзден кейін нұктелі үтір қойылып, міндettі." деген сөз алып тасталсын және мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:  
"3) прокурорлардың қадағалау қызметін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзге де қажетті шаралар қолдануға міндettі.>";
- 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
"5. Прокурорлардың өз құзыреті шегінде тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан, үйымдардың үй-жайларына кідіріссіз кіруге, олардың басшыларында және басқа да лауазымды адамдарында кідіріссіз қабылдануға, іс материалдары тікелей сот ісін жүргізуде жатқан кездегі жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен материалдарға сот істерімен танысада қол жеткізуға және оларды сotttan талап етіп алдыруға құқығы бар.>";  
мынадай мазмұндағы 6-8-тармақтармен толықтырылсын:
- "6. Лауазымды адамдар мен азаматтар прокурордың талап етуі бойынша айғақтар беру үшін оларға белгіленген уақытта келуге міндettі. Шақыру жазбаша хабарлама-шақырумен ресімделеді және қолхат алынып тапсырылады. Хабарлама телефонограммамен, жеделхатпен немесе оның тиісінше берілуін қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдары пайдаланыла отырып та жіберілуі мүмкін.
7. Прокурордың заңды талаптарын орындау не прокурордың талабы бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген

жауаптылықта әкеп соғады. Прокурор ұйғарымдары мен қаулылары орындалмаған жағдайда өз құзыреті шегінде оларды мәжбүрлеп орындатуға құқылы.

8. Прокурор, занда көзделген басқа жағдайлар мен тәртіпті қоспағанда, өзі жүргізіп жатқан істер мен материалдардың мәні бойынша қандай да бір түсініктемелер беруге, сондай-ақ оларды кімге де болсын танысу үшін беруге міндетті емес. Өзі жүргізіп жатқан тексерулер мен істердің материалдарын олар аяқталғанға дейін прокурордың рұқсатынсыз жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.";

8) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Прокурордың талаптары мен актілеріне шағым беру олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот не жоғары тұрған прокурор прокурордың іс-әрекетіне немесе актісіне арыз ( шағым) бойынша шешім шығарылғанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұра алады .";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жоғары тұрған прокурор азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың шағымдары бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурор актілерінің қүшін жоя алады не оларды қайтарып ала алады.";

9) 11-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) өз құзыреті шегінде:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-іс жүргізу кодексі Z970206\_ мен жедел-іздестіру қызметі туралы зандарының анықтау мен тергеу органдарының, сондай-ақ жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті нормаларын қолдану мәселелері бойынша;

құқықтық статистиканың барлық субъектілері үшін міндетті құқықтық статистика мен арнаулы есепке алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер;

осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне

сәйкес басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылдайды;

4-2) жедел-іздестіру қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын органдар шығаратын нормативтік құқықтық актілер бойынша келісу туралы шешім қабылдайды;";

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) "Прокуратураның құрметті қызметкері" атағын береді, осы атақты беру тәртібі туралы Ережені бекітеді;";

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) Жоғарғы Соттың жалпы отырысының қарауына сот практикасының

мәселелері бойынша түсіндірмелер беру туралы ұсыныстар енгізеді;";

10) 12-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бас прокуратураның құрылымын және оның қызметкерлерінің өкілеттіктерін Бас Прокурор белгілейді.";

4-тармақ алғып тасталсын;

11) 14-баптың 1-тармағы "Бас Прокуроры" деген сөздерден кейін "бес жыл мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 15-баптың 1-тармағы "прокуратураларға" деген сөзден кейін "Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындастын" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 18-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын тоқтата тұратын прокурорлық қадағалау актілері жариялануға тиіс.";

14) 20-бапта:

2-тармақта:

"алдырып тастау," деген сөздерден кейін "қарау," деген сөзben толықтырылсын;

"тоқтата тұру туралы," деген сөздерден кейін "прокурордың талабын мәжбүрлеп орындауды туралы, жеткізу (куштеп әкелу) туралы," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Прокурордың қаулысын уәкілетті орган немесе лауазымды адам заңмен белгіленген мерзімде, ал мұндай мерзім болмаған жағдайда, прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындауға тиіс. Қаулының орындалу нәтижелері туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың қаулысын белгіленген мерзімдерінде орындауда Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.>";

15) 21-бапта:

1-тармақта:

5) тармақшадағы "шетел азаматтарын" деген сөздер "шетелдіктерді" деген сөзben ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) - 5-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) бейне-, аудиотехникины немесе өзге де арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып, сөздерді жасырын тыңдау мен жазып алуға, телефондар және басқа да сөйлесу құрылғылары арқылы жүргізілетін сөйлесулерді тыңдау мен жазып алуға;

5-2) мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лауазымды адамдарын қоспағанда) банктік құпиясы бар құжаттарға қол жеткізуге;

5-3) жеке және заңды тұлғалардың банктердегі ақшасы мен басқа да мүлкіне тыйым салу мен жеке және заңды тұлғалардың банк (корреспонденттікten басқа) шоттарындағы шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

5-4) Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға;";

2-тармақ "ресімдейді" деген сөздің алдынан "жиырма төрт сағаттың ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 23-бапта:

1-тармақтағы "занды және жеке тұлғалардың" деген сөздер "жеке және занды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Прокурор наразылық келтірілген актінің күшін арызды сот қарағанға дейін өз қаулысымен тоқтата тұруға құқылы.";

17) 24-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын: "Егер занды бұзу ашиқ сипатта болып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ занды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін болған және ол дереу жойылмайтын болған жағдайда, үйғарым енгізіледі. Үйғарымды нормативтік құқықтық актілерге енгізуге болмайды.";

2-тармақтағы "баяндалады" деген сөздер "булуға тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Үйғарым прокурор белгілеген мерзімде міндетті түрде орындалуға тиіс. Үйғарымның орындалуы туралы прокурорға дереу хабарланады. Прокурордың үйғарымының орындамау Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Үйғарымға жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағым берілуі мүмкін. Үйғарымға шағымның берілуі оның орындалуын тоқтата түрмайды.

5. Жоғары тұрған прокурор немесе сот шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін үйғарымның орындалуын тоқтата тұра алады.";

18) 25-баптың 2-тармағының бірінші сөйлемінде "Ұсынысты лауазымды адам немесе орган" деген сөздерден кейін "зандылықтың бұзылуын, сондай-ақ оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы шараларды міндетті түрде қабылдай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

19) мынадай мазмұндағы 26-1-баппен толықтырылсын:

"26-1-бап. Прокурордың құқықтық актілерін мәжбүрлеп орындану шаралары

1. Прокурордың қаулылары мен үйғарымдарын өз еркімен орындамаған жағдайда, ол мүлкінен мәжбүрлеп айыруды көздейтіндерін қоспағанда, прокурордың талаптарын мәжбүрлеп орындану туралы қаулы шығаруға және оны орындау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберуге құқылы.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар прокурордың тиісті қаулысын алған бойда оны орындауға дереу шаралар қолдануға міндетті.

3. Лауазымды адамдар, азаматтар айғақтар беру үшін прокуратура органдарына келуден бас тартқан жағдайда, прокурор ондай адамды прокуратура органдарына жеткізу (куштеп әкелу) туралы қаулы шығаруға құқылы, оны жиырма төрт сағат ішінде ішкі істер органдары орындаиды.";

20) 27-бапта "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

21) 29-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жүргізілетін тексеріс мәселелері бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыруға және олардан айғақтар алуға;"

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) жүргізілетін тексеріс мәселелері жөнінде банктерден жеке және заңды тұлғалардың операциялары мен шоттары бойынша коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып саналатын мәліметтердің жариялануға болмайтын талаптарын сақтай отырып, мәліметтер алуға;

2-2) жасырын қылмыстарды анықтау мақсатында құзыретті органдардан жедел-іздестіру шараларын жүзеге асырып, олардың нәтижелері туралы хабар беріп отыруды талап етуге;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерісті жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тартуға;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) сараптамалар тағайындауға;"

2-тармақта:

3) тармақша "құқық бұзушылық туралы іс жүргізу" деген сөздерден кейін ", прокурордың талабын мәжбүрлеп орындау, жеткізу (куштеп әкелу)" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшадағы "заңды және жеке тұлғалардың" деген сөздер "жеке және заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 30-баптың 1-тармағындағы "(кассациялық)" деген сөз алып тасталсын;

23) 33-баптағы "Пленумына" деген сөз "жалпы отырысына" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 35-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жедел-іздестіру қызметінің тоқтатылған немесе жүргізіліп жатқан істерін, жедел-іздестіру қызметінің барысы туралы материалдарды, құжаттар мен басқа да қажетті мәліметтерді алады, бұған жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын

органдарда жасырын негізде қызмет ететін немесе қызмет еткен азаматтардың жеке басы туралы мәліметтер қосылмайды;";

4) тармақшадағы "нормативтік сипаттағы актілерге" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 38-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынып жүрген адамға қатысты халықаралық іздестіру жариялауға санкция береді;";

26) 41-баптың 6) тармақшасындағы "жеке және" деген сөздер алып тасталсын;

27) 42-баптың 1) және 5) тармақшаларындағы "немесе шешімге", "немесе шешімнің" деген сөздер алып тасталсын;

28) 43-баптың 4) тармақшасындағы ", шаруашылық" деген сөз алып тасталсын;

29) 46-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) занда көзделген жағдайларда жедел-іздестіру қызметін, анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың жасайтын іс-әрекетіне санкция береді;";

30) 48-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Прокурор - өз құзыреті шегінде зандардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуын, жедел-іздестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің зандылығын қадағалауды, сотта мемлекет мұдделерінің өкілі болуды, сондай-ақ занда белгіленген жағдайларда, тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды адам.

Прокурорлар мыналар болып табылады: Республиканың Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшілері, прокуратура органдары департаменттерінің, басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары және олардың орынбасарлары, барлық төмен түрған прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері мен көмекшілері, қадағалау саласындағы прокурорлар, прокуратура органдарының аға прокурорлары және басқармалары мен бөлімдерінің прокурорлары, сондай-ақ әскери, уәкілетті және арнаулы прокурорлар.";

7-тармақ "булуы керек" деген сөздерден кейін ", оларға әскери қызмет

және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының зандары толық көлемде қолданылады" деген сөздермен толықтырылсын;

31) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері, әскери атақтары және нысанды киімі

1. Прокуратура органдарының қызметкерлеріне атқаратын қызметіне, біліктілігіне және арнаулы қызметтегі стажына сәйкес мынадай сыныптық шендер немесе әскери атақтар беріледі:

жоғары сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі;

1-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-полковнигі;

2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-лейтенанты;

3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, әділет генерал-майоры;

аға әділет кеңесшісі, әділет полковнигі;

әділет кеңесшісі, әділет подполковнигі;

кіші әділет кеңесшісі, әділет майоры;

1-сыныпты заңгер, әділет капитаны;

2-сыныпты заңгер, әділет аға лейтенанты;

3-сыныпты заңгер, әділет лейтенанты;

кіші заңгер, кіші лейтенант, аға прaporщик, прaporщик.

2. Жоғары сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісінің, 1, 2 және 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшілерінің сыныптық шендерін, әділет генералдарының әскери атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді.

3. Прокуратура органдарының сыныптық шендер немесе әскери атақтар берілген қызметкерлері нысанды киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

4. Нысандары мен айырым белгілерінің үлгілері, нысанды киімді киіп жүрудің тәртібі және қамтамасыз ету нормасы, сондай-ақ сыныптық шендерді немесе әскери атақтар беру және олардан айыру тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Прокуратура органдарында қызмет өткери туралы ережемен белгіленеді.

5. Сыныптық шендері немесе әскери атақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сыныптық шендері үшін қосымша ақы немесе әскери атақтары бойынша айлықақы белгіленеді".

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 U952707\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат):

10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) прокурордың азаматтар мен лауазымды адамдарды мәжбүрлеп жеткізу (күштеп әкелу) туралы қауулыларын орындауға, сондай-ақ прокурордың өз құзыреті шегінде шығарған өзге де жазбаша тапсырмалары мен талаптарын орындауға";.

7. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Z952710\_ Заңына (Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 6, 72-құжат):

12-бапта 20) тармақшадағы "жүргізуге" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "міндettі." деген сөз алып тасталсын және мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) өздерінің қадағалау функцияларын жүзеге асыруына байланысты прокурордың жазбаша талаптарын орындауға міндettі".

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 U952727\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 277-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

18-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Құқықты тіркеу заң бұзушылық жойылғанға дейін прокурорлық қадағалау актілерінің негізінде тоқтатыла тұруы мүмкін.".

9. "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Z960048\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат ; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат):

10-бапта:

төртінші бөліктің сегізінші абзацы "орынданған жағдайда" деген сөздердің алдынан ", жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндettі түрде жазбаша хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы бөлік "atalған мерзімге" деген сөздердің алдынан "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндettі түрде жазбаша хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың төртінші бөлігінің сегізінші абзацы мен алтыншы бөлігінде көзделген хабарламаны алған соң, прокурор жасалған іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда өз қаулысымен тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жояды немесе оларды алып тастайды.".

10. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қантардағы Қазақстан Республикасының Z970067\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат):

1) 30-баптың бірінші абзацы "Кредитордың немесе" деген сөздерден кейін "прокурордың не" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 31-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы "кредиторларға" деген сөзден кейін ", прокурорға" деген сөзben толықтырылсын.

11. "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Z970078\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 53-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 238-құжат):

28-бапта:

2-тармақ "кез келген үшінші тұлғаға" деген сөздерден кейін "не тексеру жүргізу туралы қаулының негізінде прокурорға" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "сот шешімдерінің," деген сөздерден кейін "прокурордың," деген сөзben толықтырылсын.

12. "Мемлекеттік статистика туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Z970098\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; 2002 ж., N 1, 3-құжат):

11-бап мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"прокурордың талап етуі бойынша сұратылған ақпаратты тегін беруге;".

13. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z970160\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат):

77-бапта:

3-тармақтың төртінші бөлігі "ерекше жағдайларда" деген сөздердің алдынан "жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға міндettі түрде жазбаша хабарлай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың екінші және үшінші тармақтарында көзделген хабарламаларды алған соң, прокурор жасалған іс-әрекеттің заңдылығын тексереді және олар заңсыз болған жағдайда тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін өз қаулысымен жояды немесе оларды алып тастайды.".

14. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық К970167\_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар):

мынадай мазмұндағы 321-1-баппен толықтырылсын:

"321-1-бап. Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындау

Прокурорлық қадағалау актілерін орындау, сол сияқты оның қызметіне кедергі жасау, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне

не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мұдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, -

бес жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сottalған адамның екі айдан алты айға дейінгі кезең ішіндегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не жұз сексен сағаттан екі жұз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

15. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Z970206\_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар):

1) 62-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"5. Бас Прокурор өз құзыretі шегінде осы Кодекс нормаларының қолданылу мәселелері бойынша анықтау және тергеу органдарының орындауы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

Анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын органдардың нормативтік құқықтық актілері олардың құзыretі шегінде, Бас Прокурормен келісіле отырып, қабылданады.";

2) 190-баптың 1) тармақшасы "бас тартуға" деген сөздерден кейін "немесе материалдарды қосымша тексеру үшін іс жүргізуге жіберуге" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 466-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"466-бап. Сот үкімінің, қаулысының орындалуын тоқтата тұру

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Бас Прокуроры және оның орынбасарлары өз құзыretі шегінде істі сұратып алумен бір мезгілде сот үкімінің, қаулысының орындалуын қадағалау тәртібімен тексеру үшін үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы".

16. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Z980253\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 13, 195-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 23, 922-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат):

1) 5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) прокурордың өз талаптарын мәжбүрлеп орыннату туралы қаулысы";

1) 7-баптың 1-тармағы 5) тармақшадағы "мәжбүрлеп орыннатуға берілуі мүмкін." деген сөздер алып тасталып, "үш ай ішінде" деген сөздерден кейін нұктелі үтір қойылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) прокурордың қаулылары - үш ай ішінде мәжбүрлеп орыннатуға берілуі мүмкін."

17. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z980267\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 15, 209-құжат; 1999 ж., N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 5, 116-құжат; 2001 ж., N 13-14, 172-құжат; N 17-18, 241-құжат):

1) 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 2-тармағында аталған органдар өз өкілеттіктерінен туындайтын шараларды қолдануға және жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар жасаған сыйбайлас жемқорлық қылмыстар анықталған барлық жағдайлар туралы мәліметтерді құқықтық статистика және ақпарат органдарына дереу жіберуге міндетті.";

2) 16-баптың 1-тармағы "салық органдарына" деген сөздердің алдынан "құқықтық статистика және ақпарат органдарына," деген сөздермен толықтырылсын.

18. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу К990411\_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат):

396-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"396-бап. Сот актісінің орындалуын тоқтата тұру

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Бас Прокуроры және оның орынбасарлары өз құзыреті шегінде істі сұратып алумен бір мезгілде қадағалау тәртібімен тексеру үшін сот актісінің орындалуын үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.".

19. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазанды Қазақстан Республикасының Z000085\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 14-15, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат):

19-баптың 5-тармағы "прокуратураға" деген сөзден кейін "жиырма төрт сағат ішінде" деген сөздермен толықтырылсын.

20. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы K010155\_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат):

62-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

1) құқыққа қарсы мінез-құлышты, прокурордың занды түсіндіргеніне және (немесе) оны тоқтату туралы оған уәкілетті адамдардың талап етуіне қарамастан оны жалғастыра беру;";

2) 69-бапта:

бірінші бөлік "әкімшіліктік жауаптылыққа" деген сөздердің алдынан ", осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1 бөлікпен толықтырылсын:

"4-1. Экімшілік құқық бұзушылық үшін экімшілік жаза қолдану мерзімінің барысы істі сот инстанцияларына немесе экімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамына жіберген кезден бастап тоқтатыла тұрады.

Бұл мерзімдерді есептеу экімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауға уәкілетті органға кемшіліктерді жою үшін іс қайтарылған жағдайларда қайтадан басталады.";

мынадай мазмұндағы 7-бөлікпен толықтырылсын:

"7. Судьяның немесе уәкілетті органның экімшілік іс жүргізуі тоқтату туралы қаулысы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мерзімге қарамастан, ол занды қүшіне енген күнінен бастап бір жыл ішінде прокурордың наразылығы бойынша қайта қаралуы мүмкін.";

3) 355-баптың бірінші бөлігіндегі "жүзге" деген сөз "бес жүзге" деген сөзбел ауыстырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 521-1-баппен толықтырылсын:

"521-1-бап. Прокурорға хабарламау немесе дер кезінде хабарламау Мемлекеттік органның заң актілеріне сәйкес хабарлау талап етілетін іс жүргізу туралы прокурорға хабарламауы немесе дер кезінде хабарламауы, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) 619-баптың бірінші бөлігінің 6) тармақшасындағы "экімшілік құқық бұзушылық жасалғанда" деген сөздерден кейін "прокурордың тиісті тапсырмалары немесе" деген сөздермен толықтырылсын.

6) 637-баптың бірінші бөлігі "513" деген цифранан кейін ", 521-1" деген цифмен толықтырылсын;

7) 655-баптың екінші бөлігі "шағым берілуі" деген сөздерден кейін ", наразылық білдірілуі" деген сөздермен толықтырылсын.

8) 672-баптың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: "Соттың экімшілік жауапқа тартылған адамның не өзі жөнінде экімшілік іс жүргізу тоқтатылған адамның жағдайын нашарлататын жағына қарай қайта қарауына соттың немесе уәкілетті мемлекеттік органның қаулысы занды қүшіне

енген күннен бастап бір жыл ішінде жол беріледі.";

9) 674-баптың бірінші бөлігі "құқығы" деген сөзден кейін "Бас

Прокурорға, оның орынбасарларына," деген сөздермен толықтырылсын;

10) 676-бап "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының" деген сөздерден кейін "және оның орынбасарларының" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК